

ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Өмір шындығының тереңіне бойлап, танып таразылау үшін өре керек, парасат қажет десек, Шәкәрім шығармашылығына баға берерде, ол ұстанған бағдардан осы аңғарылса керек.

Өмірде де, өнерде де тәнті қыларлық қасиет – даралық, әдеби құбылысты жадағай қайталау емес, өзіне бұйырған дарынымен өмір, қоғам, адам ерекшеліктерін ашу. Қазақ қылығы туралы ерекше ынтамен ақтарыла сыр ашатын, бүкпесіз нағыз қазақи тіршілік панорамасы көз алдыңнан мәңгіге кетпестей етіп, жатталып қалатын мына өлең шумақтарына назар аударалық.

Бірдей адам қайда бар іші-тысы?
Міндімін деп келмейді жығылғысы
«Дерт жасырған ажалсыз өлер» деген
Қазақты оңдырмайды осынысы.

Партия қуған өңкей қырт,
Жазылмайтын ол қыл құрт
Мен тартам ел қайғысын,
Әкімі – залым, биі – әңгірт.

Көрмедім көш бастаған қазақ ұлын,
Кеңірдек, өнеш кетіп, қалды жұлын.
Бәрің есті, батырсың, айлалысың,
Қазақтың түзеттің бе жалғыз қылын, –

деп Шәкәрім өзі өмір сүрген қоғамды сын садағына қарауыл етеді. Шәкәрімнің көркемдік әлеміндегі тәсіл болмысы, ХІХ ғ. соңғы ширегі мен ХХ ғ. ба-

сында қазақ қоғамы дамуының поэзияда бой көрсеткен, әдеби этикалық көрінісі. Абайдан кейінгі әдеби процесс деген сөз әлемдік деңгейде дамыған қазақ поэзиясының өзіндік даму, өркендеу тенденциясындағы тамырын тереңге жайған, Абайдың ақындық мектебі жайлы әңгіме. Абай әрлеген, Шәкәрім түрлеген реализм әдісінің қазақ топырағына өркен жаю тарихына араға ғасыр салып жаңаша көз тігу енді ғана басталды.

Шәкәрімнің ұлы Абайдан кейін қазақ қылығын, ұлттық портретін өзінше сомдауы шәкірттіктен, үйренуден, еліктеуден арылған. Шәкәрімнің өзіндік, ақындық «Менін» көрсетеді.

Болмас іске бұртыңдап тырыспалық!
Көзге жылпың көрініп, сыртқа қылпың,
Байладым белді бекем буайын деп,
Жүректі адалдықпен жуайын деп.
Талпынған мақсат іздеп махрұм қалмас,
Адамдық ғылым жолын қуайын деп.

«Жастарға» деген 1879 жылы жазған өлеңінде ақынның стильдік даралануға бет алып, замандастарын ішмерез істерден іргені аулақтатып, өнербілімге иек сүйеуге шақырса, қалам қарымы қатайған шақта:

Ескіден қалған сөз теріп,
Өз ойымнан оқ беріп,
Үйретуді жөн көріп,

Түзетпек едім адамды.
Қышыған жерін қасуға
Әділет жолға басуға,
Алдына салып ашуға
Жақсылық пен жаманды.
Ешкім бұған сенбеді,
Өз қылығын жөн деді,
Көре тұра көнбеді,
Кетірді қуат-шамамды.

Мұнда адамды, дәуірді көркемдік таным-білігімен зерделеуде, зерттеуде стильдік даралыққа ұласқан, философиялық түйіндеулер арқылы суреткерлік парасат, талант біліктілігімен жасалған психологиялық талдау бар. Шәкәрімнің лирикалық өлеңдерінің қай-қайсысына болмасын өзара үндеске тұтастық, бірегейлік сипат беріп, жұмырландыра түседі. Осы қасиет акын шығармашылығындағы әу бастан темірқазық етілген сыншылдық, эстетикалық сыршыл талдаушылық сипатын бұрынғыдан да қанық көрсетті. Мәселен, біз үзіндісін келтірген «Ескіден қалған сөз теріп» микропсихологиялық аспектідегі акын күйінішін жан-жақты ашып көрсеткен этнотрагедиялық өлең шумақтарындағы:

Сыртқы сөзің шын болса,
Ішің толған жын болса,
Жүрегіңде мін болса,
Айтқан сөзің ем емес! –

кесек ой әлеуметтік топтарға тұспал дау боп келсе, ал, мына жолдарда:

Алды деме мазамды
Демеймін мені ел білсін,
Не ұнасын, не күлсін.
Ел білмесе, жел білсін.

Шәкәрімді бесігінде тәлім берген классикалық түркі, араб, парсы әдебиеті мен фольклордағы жауыздық пен адамсүйгіштіктің, қара мен ақтың (қараниет пен ақ ниеттің) мәңгілік айқасы, қолына ұлт мінін түзеу үшін қалам алған қай ақынды да толғандырмай тұра алмайды.

Тілінде бал, ішінде у,
Көз байлағыш көп жаду,
Жақсы атанып өңкей қу,
Алдап алған досы бар.

Ұлт тағдыры, тарих шежіресі, кешегі отаршылдықтың қазақ санасына салған терең іздері әлі өшіп үлгерген жоқ. Бұл – ғасыр сыры, ғасыр тағдыр талайы. Шәкәрімдегі қазақ тыныштығы, бас азаттығы – мәңгілік тақырып.

Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең,
Жолай көрме жылмайы сонны көрсең,
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың
Алданбайсың артынан ере берсең.

Ақынды оқыған сайын жаңаша түрленіп, жана

ұғым-түсінік болып алдымыздан шығады да, мыңдаған қазақ оқырмандары жүрегінен қолдау табады.

Жапанда жалғыз жаттым елден безіп,
Жалықсам, аң қараймын тауды кезіп.
Оңаша жатқанды ұнатамын,
Елімді ел қылмасын ерте сезіп.
Жауға қатын, жақынға жалмауыздар,
Жалықпай көк малтасын жүрсін езіп.

Бар-жоғы алты тармақты бір ғана шумақ өлеңдегі Шәкәрім жүрегінің Жан дауысы – дүниенің ыстығын да, суығын да көрген, тағдырдың талайы бодандық күндерін бастан кешкен бабалар үні.

Атадан қалған ақ сауыт,
Арамға әбден былғанды.
Басшысы жоқ сорлы елдің
Малы мен басы былғанды.

Шәкәрім бұл тақылеттес тақырыптарға әлденеше оралып жан тебінерлік картиналар сомдады.

Ел өміріндегі өрескелдіктерді шынайы ақтарыла жырлап, ұлттың жан-қалтарысын бүкпесіз ашып айтқан жасын жырларында жалғандықтың өсте де нышаны сезілмейді. Бір қызығы, ондай өлеңдерінде қарапайым деген тіркестердің өзі ерекше поэтикалық бояуға ие болып құлпыра түседі.

Елін адамгершілікке, дұрыс сөзге ден қоя білуге меңзеудің астарлай суреттеу мазмұны тереңдей сипатталғандығына көз жеткізе аламыз. Ұлт санасына ерекше әсер етеді.

Талант құдіреті, шабыт шарпуы молынан жеткендіктен өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ өмірінің микроәлемі әр өлеңінде, әр қырынан суреттелуімен, психо-философиялық терең мінездеулердің салмақтылығымен қалың қазақ жұртшылығының көңілінен мәңгіге, түбегейлі орын тепті.

Шәкәрім шығармашылығындағы басты ерекшелік – өлеңдерінде психологиялық құбылыстарды сезімтал суреттеумен бірге, өзі қажет деп тапқан онтайлы өмір материалдарын қаламгерлік байқағыштықпен тани білуі тәнті етеді. Сондай-ақ ақынның өзіне ғана тән таза да, шынайы өмірді бүкпесіз бейнелеу мәнері мен уақыттың ортақ сипатын суреттеу де олардың өзара ішкі тұтастығын бір сәтте естен шығармауы – Шәкәрімнің болмысты көркем бейнелеуде қол жеткізген ең зор табысы.

Адам жан дүниесіндегі қарама-қайшылықты құбылыстардың тегін, түп төркінін барынша ашып көрсету суреткерден мол өмірлік тәжірибе мен энциклопедиялық білімдарлықты қажет ететін, өте күрделі көркемдік-эстетикалық, психологиялық талдауды қажеттенеді. Осы жолда, Шәкәрім бірінші орынға: адам мен қоғам; адам мен әлеуметтік орта; жеке адам мен халықтық мүддені шығарды да, өзі

өмір сүрген кезеңдегі замандастарының жан дүниесін психологиялық тұрғыдан білгірлікпен терең талдай отырып, былайша лирикалық кейіпкер «мені» арқылы іштегі дертін сыртқа лықсытады:

Құр тілімен зарланып сайраулымын,
Қол-аяғым бос емес, байлаулымын
Ұлы жүрек, долы сөйлеп отыр,
Біза қысып тілімді қайраулымын.

Болмысқа, тарихи кезеңдердегі өзі куә бол-ған құбылыстарға шынайы бойлай білуімен ұлт қалам ұстағандарына осылайша үлгі бола білді. Халық санасына дендеп еніп, індет боп төнген отаршылдық зардабы, себеп-салдарды, санаға тигізген кері әсері шығармаларын парақтаған сайын ұрпақ жадында қалдыратын әсерін жаңаша, яғни бүгінгі көзқарас тұрғысынан түрліше ұғынысып, айтыс үстінде ақынның данышпандық парасаты айқындала түседі. Сөйтіп ұрпақтарының жүрегіне ұялаған өлеңдерінің құнды қасиеті – орысқа жем болған қазақ қоғамын көзбен көріп, ақылмен қорытып, санамен таразылап, көңіліне түйгендерін көңілдің қалтарыссыз тебіренісімен жеткізуінде:

Ашы тілмен мен айттым ел мінезін,
Сөздің теріс мақұлын салмақта өзің
Өтірігін тап-тағы жүзқара қыл,
Біза болмаң, кек алар солғай кезің.

Абай дәстүріндегі заманауи Адам бейнесін астарлап сомдаудың әдеби дәстүр заңдылығын жалғастыра отырып, өз туыстарының тұлғалық проблемасын жан-жақты шешуді мақсат етіп реалистік сипатта еш әсірелеусіз объективті аққарасын аша отырып берілген лирикалық кейіпкер пайымы формасында жеріне жеткізе жырлай білген.

Өзіндік қол танбасымен дараланатын Шәкәрім лирикасы – әлі күнге дейін эстетикалық нәрі қайтпаған, көркемдік бағыт, дәстүрлі мектеп. Одан уақыт, тарихилықты, ең бастысы – Адам психологиясының қырық қырлы бедерін табамыз. Табамыз да, талантына шүбәсіз нақтылай айтсаң:

Адалдың жолы болар заман бар ма,
Жем болдың шын жексұрын надандарға.
Адастың деп отырмын айғай салып,
Бар тапқаным сол болды, амал бар ма?
Осы күнде қазақтың бәрі де мас,
Жақсылардың біріне біреу қас.
Атқа мінген жігіттен үмітім жоқ,
Сөзімді ұқса ойланар кейінгі жас.

Бұл шумақтардан өмір құбылыстарын, тіршіліктің күнделікті өткір мәселелерін көркемдікпен меңзей зерделеу – Шәкәрім поэзиясының өзгеше қасиеті екеніне көз жеткіземіз. Әсіресе, азаматтық лирикасындағы келеңсіз әр құбылыс-қа саналылық-

пен қарап, қызу қандылықпен ызалана жырлауы Шәкәрім ақындығының поэзия өлшеміне көтеріліп, шынайы, боямасыз өнер үшін жаралғанын паш етеді. Мына жолдардағы өлең тізбегіне көз салсақ:

Қайғылының ішінде жанар жасын,
Шалмай қоймас жалыны жолдастарын
Өзімді ұрған мінезді сөгемін деп,
Тілім тисе сіздерге, кеш, достарым.

Мұнда Шәкәрім сөз образ, әсем тіркестерді тізбектеп, көркемдеп тамашалау үшін жазбаған, керісінше, соның бәрін өзі көрген өмірді, адамдар тағдырын, отаршылық әлегін жеткізуге бағындырған. Қазақ жырының Абайдан кейінгі көкжиегін кеңейтіп, аспанын биіктеткен азаматтық лирикасындағы жасын жырлары – соның айғағы.

Мен – бір қонақ, кетем ғой біраз қонып,
Қайтатұғын қалыпты мезгіл болып.
Осы қонақ қалай деп сынға алмаңыз,
Тәуір деп-ақ айта сал оймен жорып.

Оймен де, ұйқас-ырғақпен де емес, сезім мен, тәнмен, жүрекпен сезінер замана толғанысын осылайша жеткізеді

Шәкәрімнің ақындық сезімінде шекара, шек жоқ, шайыр үшін әлем де бір, ел де бір. Өйткені ол үшін ақындық – азаматтық, жалпы адамзатқа тән ортақ ұғым. Шәкәрім эстетикалық қарымы жеткендіктен ұлы философиялық категориялармен, ұлы эстетикалық ұғымдармен, өзіне дейінгі әдеби ағымдармен поэзия тілінде тілдесіп, тек бір елдің, тағдыр талайына ғана тән тақырыптарды, саздарды қалай да әлемдік, өркениеттік проблемаларға үндестіреді.

ӘДЕБИЕТ

1. *Құдайбердиев Ш.* Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1985.
2. *Құдайбердіұлы Ш.* Өлеңдер мен поэмалары. Алматы: Рауан, 1990
3. *Сәтбаева Ш.Қ.* Ш.Құдайбердиев. Алматы, 1990.
4. *Әбдіғазиев Б.* Асыл арна. Алматы: Қазақ университеті, 1992.